



ХҒТАР 10.77.51

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-147-2-38-51>

Ғылыми мақала

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының қоғамдық қауіптілігі мен қылмыстық-құқықтық шараларды қолдану мәселелері

Н.Т. Саханова¹, Е.И. Исибаева², З.З. Нұрыш¹

¹ Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты

² Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

³ Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты

(E-mail: ¹nelli_uralsk@mail.ru, ²isibaeva liza @mail.ru, ³nurush.zina@mail.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының қоғамдық қауіптілігі мәселелерін және қылмыстық-құқықтық шараларды қолдану мүмкіндіктерін зерттейді.

Ғылыми зерттеудің мақсаты - аталған тақырыпқа сәйкес қоғамдық қауіптілігі зор болатын құқықбұзушылықтардың Қазақстан Республикасы аумағында жасалуы мүмкін деген тұжырымдарды зерттеуге және оның алдын алу шараларын қамтамасыз етуді көздейді. Негізгі бағыттары арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымына тосқауыл қою, қандай да бір құқықбұзушылықтар анықталған жағдайда қылмыстық құқықтық шараларды қолдануды пысықтауды талдау, дамудың жаңа перспективаларының пайда болуымен арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының алдын алуда құқық қорғау, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам қолданатын әдістерді жалпылау қажеттілігімен байланысты бағыттарын анықтайды. Ғылыми зерттеу идеясы қылмыстық-құқықтық шараларды қолдануға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының қоғамдық қауіптілік мәселелерін зерттейді деген гипотеза негізделеді.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызының қысқаша сипаттамасы. Жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмысты бағалау, талдау және жүйелеу осы жұмыстың бір бағытын құрайды. Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы оның қорытындылары мен ұсыныстарындағы тұжырымдар қылмыстарға одан әрі қарсы тұруға ықпал етуі мүмкін.

Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы - эксперименттік жолмен алынған деректерді эмпирикалық талдау. Ақпараттық қауіпсіздігі әртүрлі қауіп-қатерлерге жиі ұшырайтынына орай, бүгінгі таңда азаматтардың жеке және отбасылық құпияға құқықтарын бұзу, коммерциялық құпияны бұзу, мемлекеттік құпияны жария ету жағдайлары жиі кездесетініне байланысты ғылыми зерттеулерді ұсынады.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері - жүргізілген зерттеу негізінде авторлар жағдайды жақсарту үшін ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының қоғамдық қауіптілік мәселелерін шешу бойынша неғұрлым мақсатты іс-қимылдар, саясат және шаралар қабылдау.

Талдаулары - құқық қорғау органдары тарапынан қолданылатын шараларды жүзеге асыру барысында тергеу тактикасының жекелеген түрлерін қолдана білу, олардың тиімді алгоритмін көрсете алу.

Қорытындылары - ақпараттың құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген республика аумағында ақпаратты жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға қатысты негізгі қағидаттарды қамтиды.

Жүргізілген зерттеудің мәні - аталған құқықбұзушылық түрлерін зерттеу нәтижесінде әдістемелік ұсыным дайындау және оны оқу процесіне енгізу, зерттеу жұмысының практикалық мәні құқықтық базаларды, профилактикалық жұмыстарды, сондай-ақ осындай қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу мен ашудың тактикасы мен әдістемесін жетілдіру маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: қоғам, мемлекет, ақпараттық қауіпсіздік, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстарды ашу, құқықтық реттеу.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында Конституцияда көзделген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беріледі. Әркімнің жеке өміріне, жеке және отбасылық құпиясына, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға, жеке салымдар мен жинақтардың құпиясына, хат алмасуға, телефон арқылы сөйлесуге, пошта, телеграф және басқа да хабарламаларға құқығы бар[1]. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғау мақсатында қажет шамада ғана заңдармен шектелуі мүмкін.

Жұмыста жалпы логикалық, жалпы ғылыми әдістер: арнайы-заңды, ресми-құқықтық және салааралық әдістер қолданылды.

Ғылыми зерттеудің негізгі өзектілігі болып техниканың қарқынды дамуы ақпаратты жасырын түрде алуға арналған көптеген техникалық құрылғылардың пайда болуына әкелді. Бұл құрылғылар әскери, барлау, қарсы барлау және жедел-іздігіру мақсаттарында белсенді қолданылады және мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешудің тиімділігін едәуір арттырады. Сонымен қатар, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар әрқашан заңды мақсаттарда қолданыла бермейді. Құқық қолдану практикасын талдау көрсеткендей, ақпаратты жасырын түрде алуға арналған арнайы техникалық құралдар көбінесе жеке өмір құпиясын бұзу және телефонмен сөйлесу құпиялары, банк карталарын ұрлау, автомобиль көлігін ұрлау және басқалар сияқты түрлі қылмыстар жасау үшін қолданылады[2].

Пікірталас

Арнайы техникалық құралдарының заңсыз айналымының өзі адамның және азаматтың конституциялық құқықтарына зиян келтірмейтіні, тек оған уәкілеттік берілмеген субъектілердің заңсыз қадағалауына мүмкіндік туғызатыны атап өтілді. Мұндай ұстаным азаматтардың конституциялық құқықтарын қылмыс объектісі ретінде танумен салыстырғанда оңтайлы болып табылады. АТҚ-ды қолдану әртүрлі мақсаттарды көздеуі мүмкін және осыған байланысты көптеген қылмыстық қол сұғушылық объектілері болуы мүмкін[3].

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілікті реттейтін заңдылықтар қылмыстық құқықтық реттеу мәселелері өзектілігін арттыруда. Бұл туралы жұртшылық пен мемлекеттік органдардың осы мәселелерге көбірек көңіл бөлуі айғақтайды. Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік мәселелері жұртшылық арасында, оның ішінде интернет желісінде де талқыланады[3].

Арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымын қылмыстық-құқықтық реттеу проблемалары тек жұртшылық арасында ғана қызығушылық тудырмайды. Мемлекеттік билік органдарының өкілдері де осы құрылғылардың айналымы мәселелері бойынша өз ұстанымдарын білдіреді.

Қазіргі уақытта ҚХР, Ресей, Еуропа, Түркия және басқа елдерден өндірушілердің тауарларын сатып алуға мүмкіндік беретін әртүрлі жаһандық виртуалды базарларда интернеттегі онлайн-сатып алу қазіргі қоғам өмірінде бұрыннан үйреншікті жағдайға айналды.

Электрондық коммерцияның ең танымал платформалары-AliExpress, Wildberries, Flip.kz сонымен қатар, аудио және бейне жазу, фотофиксация және қадағалау функциялары бар әртүрлі «шпиондық» электронды құралдар мен құрылғылар барған сайын танымал бола бастады, ал барлық құрылғылар өте кішкентай немесе заттарға камуфляждалған тұрмыстық мақсаттағы, мысалы, радио, сағат, желдеткіштер, көзілдірік, жуынатын бөлмені бекіту жинақтары, тұтқалар, шамдар секілді тауарларға сәйкестендірілген.

Заңсыз саудаға арналған виртуалды алаңдар қара нарықтар ретінде жұмыс істейтін, заңмен тыйым салынған тауарларды сататын Darknet желілерінде кең таралған, соның ішінде үй-жайларға кіруге арналған арнайы құралдар, ақпаратқа қол жеткізу және оны сақтаудың, өңдеудің және берудің техникалық құралдарынан ақпарат алу үшін электрондық есептеу машиналары мен басқа да электрондық құрылғыларға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпаратты жасырын алу немесе оған иесінің білместен қол жеткізу функциясын қамтамасыз ету үшін арнайы қасиеттер берілген.

Алайда, мұндай қызмет ірі мөлшерде табыс табумен байланысты, оны кейбір авторлар негізді түрде көрсетеді. Осыған байланысты, АТҚ-дың заңсыз айналымы туралы баптың оңтайлы заңнамалық орналасуы туралы мәселенің біржақты шешімі болуы екіталай. Тағы бір пікірталас мәселесі АТҚ-ды заңсыз пайдалануды қылмыстық жауапкершілікке тарту деп танылуы керек. Мұндай техниканы мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияға қол сұғумен байланысты кез келген қылмысты жасау үшін қолдануға болатынын ескере отырып қылмыстық жауаптылық белгіленген[4, 123-126].

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік доктринасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтылған. Бұл құжатта ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді, қолжетімділігі мен таралуы шектелген өзге де ақпаратты, оның ішінде тиісті ақпараттық технологиялардың қорғалуын арттыру есебінен қамтитын ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету көрсетілген[5].

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың қоғамдық қауіптілігі оның техникалық сипаттамаларына байланысты, бұл оның заңды иесінің білімінсіз оның айналымының заңды өрісінен қол жетімділігі шектеулі ақпаратты жинауға және тіркеуге мүмкіндік береді.

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының қоғамдық қауіптілігі туралы айта отырып, қол жетімділігі шектеулі ақпарат режимін бұзу шартты түрде келесі топтарға бөлуге болатын қоғамдық қатынастарға қауіп төндіретінін атап өткен жөн:

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру саласында;
- 2) экономика саласында;
- 3) мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігі негіздері саласында;

4) сот төрелігін жүзеге асыру саласында;

5) өзге де қоғамдық қатынастар;

Кейбір жағдайларда ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалану қоғамдық қатынастардың басқа топтарына да қауіп төндіруі мүмкін, мысалы, егер олар адамды кейіннен өлтіру мақсатында оның орналасқан жерін анықтау үшін пайдаланылса (яғни, қылмысқа дайындық кезінде), онда бұл жағдайда жеке құқықтарды іске асыру саласындағы қоғамдық қатынастарға қауіп төндіретінін біле аламыз[6, 112].

Қылмыстық-құқықтық құндылықтар иерархиясының басында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болғандықтан, ең алдымен, осы қоғамдық қатынастар тобына келтірілуі мүмкін ықтимал зиянды қарастыру қажет.

Әдіснама

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында адам мен азаматтың жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға, сондай-ақ хат алмасу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф және басқа да хабарламалардың құпиясына құқығы бекітілген[1].

Біріншіден, бұл құрылғыларды пайдалану жеке өмірдің құпиясын құрайтын ақпаратты шартты түрде «қорғалған» сақтау және өңдеу орындарынан алуға мүмкіндік береді. Мысалы, тыңдау құрылғысын үйге орналастыру ақпаратты оған еңбестен қашықтан жинауға мүмкіндік береді. Техникалық байланыс арналарынан ақпаратты жасырын алу үшін арнайы техниканы пайдалану қолданыстағы қауіпсіздік жүйелерін (мысалы, пин-код, пароль, саусақ ізі сканері) айналып өтіп, ұялы телефонда сақталған жеке ақпаратқа қол жеткізеді.

Екіншіден, жеке өмірдің құпиясын құрайтын ақпарат заңды иесінің еркінен тыс үшінші тұлғаларға белгілі болып қана қоймай, әдетте жад тасымалдаушысына да жазылады. Бұл аталған ақпаратты көбейтуге және оны қылмыстық мақсатта пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, техникалық байланыс арналарынан алынған интимдік фотосурет құрылғының жадында сақталады және оны қылмыскер қолдана алады, мысалы, оның таралу қаупі -ақша бопсалау үшін болады.

Үшіншіден, арнайы техника жоғалған жағдайда, тасымалдаушыда бар ақпарат бастапқыда аталған ақпаратты алған адамның еркінен басқа да одан әрі таратылады.

Төртіншіден, қарастырылып отырған құрылғыларды қолдану басқа қылмыстарды дайындау мен жасауды жеңілдетуге көмектеседі. Сонымен, телефон келіссөздерін жасырын тыңдау үшін арнайы техниканы қолдану телефон келіссөздерінің құпиясын бұзады.

Бесіншіден, қылмыстық істерде, жеке өмірдің құпиясын бұзу үшін арнайы техникалық құралдар жиі қолданылады. Салыстырмалы таралуы біліктілік белгісін бөлудің қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Экономика саласындағы қылмыстық-құқықтық қатынастар экономикалық қызмет саласындағы қатынастардан басқа, меншік саласындағы қатынастарды да қамтиды.

Техникалық байланыс арналарынан ақпаратты жасырын алып тастауға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, меншікке қарсы қылмыстардың жекелеген түрлерін жасау бір-бірімен тығыз байланысты.

Қылмыс жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы, қылмыскерлердің ұйымшылдығы мен техникалық қарулануын арттыру және қылмыстық құрылымдарға тән басқа да жағымсыз үрдістер құқық қорғау органдары тарапынан барабар шараларды қолдануды талап етеді. Қылмыстық орта өкілдерінде техникалық жарақтандырудың болуы оларға жедел қызметкерлер мен алдын ала тергеу жүргізетін адамдарға тиімді қарсы іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді[7].

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың көмегімен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметтік хат алмасуы мен телефон арқылы сөйлесулеріне бақылауды жүзеге асыру қылмыскерлерге жоспарланған жедел-іздігіру және тергеу іс-шаралары туралы ақпаратты уақтылы алады.

Жоспарланған іс-шараның нәтижесі кейбір жағдайларда оны өткізудің кенеттен болуына тікелей байланысты, оны байланыс құралдарын бақылау жағдайында қамтамасыз ету қиынға соғады. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жеке хат-хабарлары мен телефон арқылы сөйлесулерін бақылау қылмыстық орта өкілдеріне айыптаушы материалдарды, сондай-ақ қызметкер мен оның отбасы мүшелерінің жеке өмірі туралы мәліметтерді жинайды. Бұлардың барлығы жедел-іздігіру және іс жүргізу қызметінің тиімділігін төмендетуге ықпал етеді және құқық қорғау органдарының жеке адамды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруына кедергі келтіреді.

Ресми статистиканы талдау қарастырылып отырған заңсыз әрекеттердің салыстырмалы таралуы туралы қорытынды жасай алады. Алайда, статистикалық деректерді талдай отырып, қылмыстың бұл түрі кідірістің жеткілікті жоғары деңгейіне ие екенін ескеру қажет-іс жүргізу барысында анықталған ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымы фактілері көбінесе тиісті біліктілікке ие болмайды.

ҚР ҚК 399-бабы жазалау қатерімен ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, жасау, иемдену, өткізу немесе пайдалану тыйым салады[8]. Мәселен, «Жедел-іздігіру қызметі туралы» ҚР Заңының 1-бабының 4) тармақшасына сәйкес арнайы техникалық құралдар: жедел-іздігіру іс-шаралары мен жасырын тергеу іс-қимылдарын жүргізу барысында ақпаратты алу және құжаттау үшін арнайы функциялары, бағдарламалық қамтамасыз етілуі және конструктивтік ерекшеліктері бар құрылғылар, аппаратура, құрылғылар, жабдықтар болып табылады[7].

Қазақстан Республикасының аумағында жедел-іздігіру қызметін тек ішкі істер органдары, Ұлттық қауіпсіздік органдары, Сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган, Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі және экономикалық тергеу қызметі жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

Іс-әрекеттерді қылмыстық жауапкершілікке тартудың қажетті белгілерінің бірі-олардың қоғамдық қауіптілігі. Көрсетілген белгі қоғамдық даму процесінде қандай да

бір іс-әрекеттермен жоғалған жағдайда, оларды қылмыссыздандыру қажеттілігі туралы айту керек.

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың айналымын құқықтық реттеу шет елдерде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шараларының бірі ретінде кеңінен қолданылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №58 қаулысымен жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру; ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу; ақпараттың шығып кетуінің техникалық арналарын және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу үшін; сондай-ақ «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзге де беруге) рұқсат» екінші санаттағы рұқсатты беруге уәкілетті орган болып Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындалған.

Заңсыз айналым (дайындау, өндіру, сатып алу, өткізу) немесе ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын пайдалану үшін жауапкершілік ҚР ҚК 399-бабында көзделген.

2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, өндіру, сатып алу, өткізу немесе пайдаланудың 44 фактісі тіркелген, бұл ретте өндірісте көрсетілген кезеңде 50 қылмыстық іс болған.

Атап айтсақ, 50 қылмыстық істен - 5 іс (немесе 10%) жүргізілгені, сотқа тек 1 қылмыстық іс (немесе 2%) жіберілгені шығады. Бұл ретте, 34 іс (немесе 68%) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілді, оның ішінде 26 (немесе 76,5%) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды анықтамау себебінен, атап айтқанда, ҚР ҚК 399-бабында көзделген – Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, өндіру, сатып алу, өткізу немесе пайдалану туралы басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру тактикасы мен әдістемесін әзірлеу және ашу қажеттігін көрсетеді [10].

Бұл сипаттама қылмыс зиян келтіретін немесе осындай зиян келтіру қаупін тудыратын қоғамдық қатынастарды көрсетеді. Қоғамдық қауіптілік дәрежесі қылмыстық қол сұғушылықтың шамасын көрсететін сандық көрсеткіш болып табылады.

Белгілі бір әрекеттің қоғамдық қауіптілігін анықтау үшін оның сандық және сапалық көрсеткіштерін бір уақытта ескеру қажет. Қарастырылып отырған құрылғылардың заңсыз айналымына қатысты қоғамдық қауіп қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, атап айтқанда жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіру мүмкіндігі ретінде түсінілетін болады [9, 98-100].

Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан жағдайды талдау үшін келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

– ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындаумен, өндірумен, сатып алумен, өткізумен немесе пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу және ашу проблемасының ғылыми әзірленуінің жеткіліксіздігі;

– ҚР ҚК 399-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың психологиялық және криминалистикалық сипаттамаларын зерделеу қажеттілігі;

– басқару тәртібіне қарсы, атап айтқанда, ҚР ҚК 399-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу және ашу тактикасы мен әдістемесін әзірлеу қажеттілігі.

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасына талдау жасау;

– ҚР ҚК 399-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты тергеу және ашу практикасының қазіргі жай-күйін анықтау[2];

– ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, өндіру, сатып алу, өткізу немесе пайдалану саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін ашу және тергеу жөніндегі шет елдердің тәжірибесін зерделеу.

Осы мақалада ең алдымен құқық қорғау органдарының ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, өндіру, сатып алу, өткізу немесе пайдалану саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу және ашу жөніндегі қызметі болып табылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында аталған бап бойынша қылмыстық жауаптылықты регламенттеу мәселелері кеңінен көрініс тапты. Қазақстан Республикасы ҚК 51-бабының 1-бөлігінде көрсетілген ауырлататын мән-жайлардың ішінде "к" тармағына сәйкес, ауырлататын мән-жай ретінде қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, жарылғыш немесе оларға еліктейтін құрылғыларды, арнайы дайындалған техникалық құралдарды пайдалана отырып қылмыс жасауды көздейді.

Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік ҚР қылмыстық кодексінің «Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар» деп аталатын 3-бөлімінде орналасқан және Қазақстан Республикасы ҚК-нің «Хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф немесе өзге де хабарламалар құпиясын заңсыз бұзу» 143-бабы шеңберінде көзделген[8]. Аталған баптың бірінші бөлігі азаматтардың хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, почта, телеграф немесе өзге де хабарламалар құпиясын заңсыз бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді. Осы баптың екінші бөлігінде адамның өзінің қызметтік жағдайын немесе ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып жасаған сол іс-әрекеттері үшін жауапкершілік қамтылады. Аталған баптың үшінші бөлігі ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды өткізу мақсатында заңсыз дайындағаны, өндіргені, өткізгені немесе сатып алғаны үшін жауапкершілік қарастырылған.

Жағдайды талдау бізге келесідей нәтижелер жасауға мүмкіндік береді:

– ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындауға, өндіруге, сатып алуға, өткізуге немесе пайдалануға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру және ашу проблемасының ғылыми әзірленуінің жеткіліксіздігі;

– ҚР ҚК 399-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың психологиялық және криминалистикалық сипаттамаларын зерделеу қажеттілігі;

– басқару тәртібіне қарсы, атап айтқанда, ҚР ҚК 399-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу және ашу тактикасы мен әдістемесін әзірлеу қажеттілігі.

Қазақстан Республикасында қалыптасып жатқан криминогендік жағдайда ішкі істер органдарының тергеу бөлімшелері қызметкерлерінің қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін ашу және тергеп-тексеру бойынша, оның ішінде ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарын заңсыз дайындау, өндіру, сатып алу, өткізу немесе пайдалану саласында әдістемелік ұсынымдарды қолдануы аса маңызды болып табылады. Әрине, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін тергеу тактикасы мен әдістемесі бүгінгі күнге дейін өзекті және практикалық қызметкерлер үшін басым мәнге ие[10].

Осыған байланысты ҚР ҚК 399-бабы бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын тұлғалардың іс-қимылдарының неғұрлым тиімді алгоритмін көрсете алады.

Ақпаратты жасырын алудың арнайы техникалық құралдарымен жұмыс істеудің заңнамалық белгіленген ережелері арнайы қызметтерге арналған құрылғылардың еркін нарығына кіруге тыйым салуды қамтамасыз етеді, бірақ сонымен бірге қылмыстық қудалау қаупі бар қарапайым тұрмыстық құрылғылар сұр аймаққа түседі, оларды азаматтар сатып алады немесе пайдаланады. Сондықтан заңнамалық базаны, профилактиканы, сондай-ақ осындай жоспардағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу мен ашудың тактикасы мен әдістемесін жетілдіру өте маңызды.

Қорытынды

1. Қылмыс мемлекеттің тұрақты дамуындағы басты кедергілердің бірі болып саналады. Қауіпсіздіктің төмен деңгейі экономикалық белгісіздікті арттырады, ұзақ мерзімді инвестицияларға кедергі келтіреді және заңның үстемдігі принципін бұзады.

Осыған байланысты, құқық бұзушылықтардың алдын алу Қазақстан үшін өзекті міндет болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғанды түзету және жаңа қылмыстардың алдын алу мақсаттарын көздейтінін атап өткен жөн.

2. Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымының қоғамдық қауіптілігі, біріншіден, оның заңды иесінің хабарынсыз оның айналымының заңды өрісінен қол жетімділігі шектеулі ақпаратты жинауға және тіркеуге мүмкіндік беретін техникалық сипаттамаларға ие екендігімен анықталады; екіншіден, ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдардың заңсыз айналымы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру саласында, экономика саласында, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігінің негіздері саласында, сот төрелігін жүзеге асыру саласында қоғамдық қатынастарға зиян келтіру қаупін туғызады; үшіншіден, заңсыз айналым ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар өзге де қылмыстарды дайындауға және жасауға жағдай жасайды.

3. Жазаның бұлтартпаушылық қағидатын қамтамасыз етуге, бұзылған құқықтарды жеделқалпына келтіруге, сондай-ақ тергеу сапасына ведомстволық бақылауды күшейтуге құқық қорғау қызметінің іс жүргізу негіздерін жаңғырту ықпал етеді. Олардың қатарында

қылмыстық процестің үш буынды моделін, қылмыстық істердің электрондық форматын енгізу, тергеудің қолда бар нысандарын оңтайландыру бар. Бюрократиядан адамның орталықтандырылған жұмыс моделіне көшу жүзеге асырылады. Трансформацияның негізгі бағыты дебюрократизацияның, цифрландырудың және автоматтандырудың кешенді әсері есебінен жұмыс процестерін рационализациялауға бағытталған. Бұл ретте басты критерий азаматтардың сенім деңгейін арттыру болып белгіленді.

4. Қазіргі жағдайды ескере отырып, ағымдағы процестерді жедел басқаруға, қылмыстың алдын алу және ескерт шараларын стратегиялық болжауға және жоспарлауға бағытталған тиімді аналитикалық инфрақұрылымды құру міндеті тұр. Аталған саладағы күрделі проблема болжамды талдау саласындағы білікті кадрлардың тапшылығы болып табылады, бұл республиканың жоғары оқу орындарында тиісті білім беру бағдарламаларының жеткіліксіздігімен, сондай-ақ олардың ведомстволық білім беру жүйесінде толық болмауымен байланысты дәлелденеді.

Авторлардың қосқан үлестері

Саханова Н.Т. – мақаланы жазуға айтарлықтай үлес қосты. Статистикалық деректерді жинады және эмпирикалық деректерді талдады, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін қалыптастырды.

Исибаева Е.И. – мақаланың мазмұнына талдау мәтінді бағалау арқылы, содан кейін мақаланың тиімді және тиімсіз теріс жақтарын анықтау арқылы зерттеу жүргізді. Зерттеу қорытындыларын қалыптастыру бойынша сындарлы ұсыныстар ұсынылды.

Нұрыш З.З. – салыстырмалы талдау мен зерттеу қорытындысын қалыптастыру үшін мемлекеттік ұйымдар мен құқыққорғау органдарының өзара іс-қимылы мен тәжірибесінің мазмұны бойынша ұсыныстар берілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) (19.09.2022ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен). [Электронды ресурс] – URL: [//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000) (жүгінген күн 02.09.2023 ж.).

2. Қазақстан Республикасының Ақпаратқа қол жеткізу туралы 2015 жылғы 16 қарашадағы №401-V ҚР Заңы. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/451?lang=kk> (жүгінген күні 07.11.2023 ж.).

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І Заңы (07.03.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000349> (жүгінген күн 02.09.2023 ж.).

4. Бегишев, И.Р. Уголовная ответственность за приобретение или сбыт цифровой и документированной информации, заведомо добытой преступным путем. //Актуальные проблемы экономики и права. Алматы: – 2010.– Т.13. № 1. – С. 123-126.

5. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V ҚР Заңы. [Электронды ресурс] – URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418_\(жүгінген күн 02.09.2023 ж.\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418_(жүгінген күн 02.09.2023 ж.)).

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Ревина В.В. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть. Учебник. 2-ое изд., перераб. и доп./Под ред. Доктора юридических наук., профессора, Заслуженного деятеля науки Российской Федерации Ревина В.П.— М.: Издательский дом Академии Естествознания, - 2017. — 396 с.

7. Жедел-іздістіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-XIII Заңы. [Электронды ресурс] – URL:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_\(жүгінген күн 02.09.2023 ж.\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_(жүгінген күн 02.09.2023 ж.)).

8. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (20.05.2023ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). [Электронды ресурс] – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226_\(жүгінген күн 02.09.2023 ж.\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226_(жүгінген күн 02.09.2023 ж.)).

9. Аяжанов Қ. С., Есенова А. С. Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». - 2011. — 376 б.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 22 ақпан 2023 жылғы «Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған Тұжырымдамасы» туралы Жарлығы. [Электронды ресурс] – URL:[https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/documents/details/468106?lang=kk_\(жүгінген күн 02.09.2023 ж.\)](https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/documents/details/468106?lang=kk_(жүгінген күн 02.09.2023 ж.)).

Н.Т. Саханова¹, Е.И. Исибаева², З.З. Нұрыш¹

Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан имени М. Букенбаева

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова

Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан имени М.Букенбаева

Проблемы общественной опасности незаконного оборота специальных технических средств, предназначенных для негласного получения информации и применения уголовно-правовых мер

Аннотация. В данной статье авторы исследуют проблемы общественной опасности незаконного оборота специальных технических средств, предназначенных для скрытого получения информации, и возможности применения уголовно-правовых мер.

Цель научного исследования-изучить выводы о том, что правонарушения, представляющие наибольшую общественную опасность в соответствии с данной темой, могут быть совершены на территории Республики Казахстан, и обеспечить меры по их предупреждению. Основные направления: блокирование незаконного оборота специальных технических средств, анализ отработки применения уголовно-правовых мер в случае выявления каких-либо правонарушений, правоохранительные органы в предупреждении незаконного оборота специальных технических средств с появлением новых перспектив развития, выявление направлений, связанных с необходимостью обобщения методов, применяемых государственными органами и

гражданским обществом. Обоснована гипотеза о том, что идея научного исследования изучает проблемы общественной опасности незаконного оборота специальных технических средств, предназначенных для применения уголовно-правовых мер.

Краткая характеристика научной и практической значимости работы. Оценка, анализ и систематизация проводимой профилактической работы составляют одно из направлений этой работы. Практическая значимость результатов работы заключается в том, что выводы, содержащиеся в ее выводах и рекомендациях, могут способствовать дальнейшему противодействию преступлениям.

Краткая характеристика методики исследования-эмпирический анализ данных, полученных экспериментальным путем. В связи с тем, что информационная безопасность часто подвержена различным угрозам, сегодня проводятся научные исследования, связанные с тем, что нередко случаи нарушения прав граждан на личную и семейную тайну, нарушения коммерческой тайны, разглашения государственной тайны.

Основные результаты исследовательской работы-анализ, принятие наиболее целенаправленных действий, политики и мер по решению проблем общественной опасности незаконного оборота специальных технических средств для анонимного получения информации для улучшения ситуации на основе проведенного исследования-умение применять отдельные виды следственных досок при осуществлении мер, принимаемых правоохранительными органами, показать их эффективный алгоритм, выводы – правовой статус информации включает в себя основные принципы, закрепленные Конституцией Республики Казахстан, касающиеся сбора, хранения, использования и распространения информации на территории республики.

Практический значимость проведенного исследования заключается в том, что в результате изучения указанных видов правонарушений важно подготовить методическую рекомендацию и включить ее в учебный процесс, практическая значимость исследовательской работы заключается в совершенствовании правовой базы, профилактической работы, а также тактики и методики расследования и раскрытия таких уголовных правонарушений.

Ключевые слова: общество, государство, информационная безопасность, уголовные правонарушения, раскрытие преступлений, правовая регламентация.

Sakhanova N.T.¹, Isinbayeva E.I.², Nurysh Z.Z.¹

Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbayev

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov

Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbayev

Problems of public danger of illegal trafficking of special technical means intended for the secret receipt of information and the application of criminal law measures

Annotation. In this article, the authors explore the problems of the public danger of illegal trafficking of special technical means designed to covertly obtain information, and the possibility of applying criminal law measures.

The purpose of the scientific research is to study the conclusions that offenses that pose the greatest public danger in accordance with this topic can be committed on the territory of the Republic of Kazakhstan, and to provide measures to prevent them. The main directions are: blocking illegal trafficking of special technical means, analysis of working out the application of criminal law measures in case of detection of any offenses, law enforcement agencies in preventing illegal trafficking of special technical means with the emergence of new development prospects, identification of areas related to the need to generalize the methods used by government agencies and civil society. The hypothesis is substantiated that the idea of scientific research studies the problems of public danger of illegal trafficking of special technical means intended for the application of criminal law measures.

A brief description of the scientific and practical significance of the work. Evaluation, analysis and systematization of ongoing preventive work are one of the directions of this work. The practical significance of the results of the work lies in the fact that the conclusions contained in its conclusions and recommendations can contribute to further countering crimes.

A brief description of the research methodology is an empirical analysis of the data obtained experimentally. Due to the fact that information security is often subject to various threats, scientific research is being conducted today related to the fact that cases of violation of citizens' rights to personal and family secrets, violations of commercial secrets, and disclosure of state secrets are not uncommon.

The main results of the research work are the analysis, adoption of the most targeted actions, policies and measures to solve the problems of public danger of illegal trafficking of special technical means for anonymous obtaining information to improve the situation based on the conducted research-the ability to apply certain types of investigative boards in the implementation of measures taken by law enforcement agencies, to show their effective algorithm, conclusions - The legal status of information includes the basic principles enshrined in the Constitution of the Republic of Kazakhstan concerning the collection, storage, use and dissemination of information on the territory of the Republic.

The essence of the research is that as a result of studying these types of offenses, it is important to prepare a methodological recommendation and include it in the educational process, the practical significance of the research work lies in improving the legal framework, preventive work, as well as tactics and methods of investigation and disclosure of such criminal offenses.

Keywords: society, the state, information security, criminal offenses, disclosure of crimes, legal regulation.

References

1. Qazaqstan Respýblikasynyń Konstıtýsıasy (1995 jylǵy 30 tamyzdaǵy respýblikalyq referendýmnda qabyldanǵan) (19.09.2022 j. jaǵdai boıynsha ózgerister men tolyqtyrýlarmen). [Electronic resource] – Available at: [//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950) (accessed: 02.09.2023). [in Kazakh]
2. Qazaqstan Respýblikasynyń Aqqaratqa qol jetkizý týraly 2015 jylǵy 16 qarashadaǵy № 401-V QR Zańy. [Electronic resource] – Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/451?lang=kk>(accessed:07.11. 2023).. [in Kazakh]
3. Qazaqstan Respýblikasynyń "Memlekettik qupıalar týraly" 1999 jylǵy 15 naýryzdaǵy № 349-I Zańy (07.03.2023 j. jaǵdai boıynsha ózgeristermen jáne tolyqtyrýlarmen). [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000349=kk> (accessed:02.09. 2023).. [in Kazakh]

4. Begishev-I.R. Ugolovnaya otvetstvennost zapriobretenie ili sbyt cifrovoj i dokumentirovannoj informacii zavedomo dobytoj prestupnym putem aktualnye problemy ehkonomiki i prava, 2010. - t-13-№1. 123-126s.

5. Qazaqstan Respýblikasynyń Aqparattandyryń týraly 2015 jylǵy 24 qarashadaǵy № 418-V QR Zańy. [Electronic resource] – Available at: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418_\(accessed:02.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418_(accessed:02.09.2023)).. [in Kazakh]

6. Bekmagambetov A.B., Revın V.P., Revina V.V. Ýgolovnoe pravo Respýblikı Kazahstan. Osobennaia chas. Ýchebnik. 2-oe izd., pererab. ı dop./Pod red. Doktora úrıdıcheskih naýk., profesora, Zaslýjennogo deiatelá naýkı Rossiıskoi Federasıı Revina V.P.— M.: Izdatelskui dom Akademı Estestvoznania, 2017. — 396s. [in Russian]

7. "Jedel-izdestiryń qyzmeti týraly" Qazaqstan Respýblikasynyń 1994 jylǵy 15 qyrkúiektegi № 154-XIII Zańy (08.04.2023 j. jaǵdai boıynsha ózgeristermen jáne tolyqtyrylarmen). [Electronic resource] – Available at: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_\(accessed:02.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_(accessed:02.09.2023)).. [in Kazakh].

8. Qazaqstan Respýblikasynyń 2014 jylǵy 3 shildedegi № 226-V Qylmystyq kodeksi (20.05.2023 j. jaǵdai boıynsha ózgeristermen jáne tolyqtyrylarmen). [Electronic resource] – Available at: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226_\(accessed:02.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226_(accessed:02.09.2023)).. [in Kazakh].

9. Aıajanov Q. S., Esenova A. S. Aqparattyq qaýıpsizdik jáne aqparatty qorǵaý: Oqúlyq. Almaty: JSHS RPBK "Dáýir", 2011.- 376 b. [in Kazakh].

10. Qazaqstan Respýblikasy Prezidentinyń 22 aqpan 2023 jylǵy "Qoǵammen áriptestikte qoǵamdyq [Electronic resource] – Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/documents/details/468106?lang=kk> (accessed:02.09.2023). [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрыш З.З. – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының доценті, полиция подполковнигі. Курсанттар тас жолы көшесі, 1А, 030011, Көкшетау, Қазақстан

Саханова Н.Т. – заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, полиция полковнигі. Курсанттар тас жолы көшесі, 1А, 030011, Ақтөбе, Қазақстан

Исибаева Е.И. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті құқықтану кафедрасының доценті, А.Молдагулова 34, 030011, Ақтөбе, Қазақстан

Нұрыш З.З. – автор для корреспонденции, магистр юридических наук, подполковник полиции доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева, ул. Курсантское шоссе 1А, 030011, Актөбе, Казахстан

Саханова Н.Т. – магистр юридических наук, полковник полиции начальник кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М.Букенбаева, Курсантское шоссе 1А, г. Актөбе, Казахстан.

Исибаева Е.И. – кандидат исторических наук, доцент кафедры юриспруденции, Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова, просп. А.Молдагуловой 34, г. Актөбе, Казахстан.

Nurysh Z.Z. – correspondence writer, Master of Law, Police Lieutenant Colonel, Associate Professor of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbayev, ul. Kursantskoe highway 1A, 030011, Aktobe, Kazakhstan

Sakhanova N.T. – master of Law, Police Colonel, Head of the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics, Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbayev, Kursantskoe highway 1A, Aktobe, Kazakhstan.

Isinbayeva E.I. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Jurisprudence, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, 34 A. Moldagulova Ave., Aktobe, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons

Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).